

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 6 маусым N 125

"Бюджет жүйесі туралы" 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына Z960052_ (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 20-21, 402-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

6-баптың жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қаржыландыру" - борыштың негізгі сомасын өтеуді шегеріп тастағанда бюджетке түсетін қарыз алу жөніндегі түсімдерді немесе қарыз алу жөніндегі түсімдерді шегеріп тастағанда бюджет профицитін борыштың негізгі сомасын өтеуге бөлуді қамтиды";

9-баптың 1-тармақшасының он бірінші абзацы "бюджетке берілетін" сөздерінен кейін "және Зейнетақылар төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан зейнетақы төлемдерін жасау үшін" деген сөздермен толықтырылсын;

18-баптың 3-тармағындағы "мөлшері, оны жабу көздері" деген сөздер "бюджет (профицитінің) мөлшері" деген сөздермен ауыстырылсын.

2 3 - б а п т а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Республикалық бюджет туралы заңда Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алуы нәтижесінде пайда болған Қазақстан Республикасының мемлекеттік борышының лимиті, Қазақстан Республикасы мемлекеттік кепілдіктерінің лимиті бекітіледі, сондай-ақ аталған мемлекеттік борышқа қызмет көрсетуге арналған қаражат көзделеді" ;

4 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

5 - т а р м а қ 4 - т а р м а қ б о л ы п е с е п т е л с і н ;

25-баптың 4-тармағы "өзгерістер енгізуге" деген сөздерден кейін "және

республикалық бюджеттің тапшылығын жабу көздерін өзгертуге" деген сөздермен толықтырылсын;

27-бапта:

бірінші бөлік "атқарушы органдар" деген сөздерден кейін "Бюджеттің құрастырылу және атқарылу ережелеріне сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Секвестрлеуге жатпайтын шығыстар түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Парламенті мен жергілікті өкілді органдар тиісті жылға арналған бюджеттер туралы заң мен шешімдерге белгілейді";
үшінші бөлік алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК